

ИСА – МӘСІХ

Иса туралы және Оның істеген ең маңызды ісі
жайында өз бетімен оқуға арналған курс



Multi-Language Publications

Bringing the Word to the World

Мәтіннің түпнұсқасын Висконсин Інжілдік Лютерандық Синодтың арнайы қызметтеріне арналған Комиссиясының түзейтін мекемелердегі қызметтің Коммитеті шығарған

© 1992 Басылым

Қазақ тілінде 2009 жылы басылып шықты

Мәтінді Висконсиндегі Інжілдік Лютерандық Синодтың «Көптілді басылымдары» өңдеген

Барлық көркемдеу жұмыстарын Глен Майерс жасады. Глен Майерстің көркемдеу құқықтары “Northwestern” Баспа Үйімен қорғалған.



Мазмұны

Кіріспе	1
1-тарау: Исаның туылуы.....	3
2-тарау: Исаның өмірі	15
3-тарау: Исаның тәлімі.....	25
4-тарау: Исаның өлімі	37
5-тарау: Иса Мәсіхтің жеңісі	49
Қорытынды.....	61
Әр тараудағы тест сұрақтарының жауаптары...	62
Сөздік.....	63
Қорытынды тест	65



Кіріспе

Бұл сабақтардың мақсаты – сізге Исаның кім екені және Оның біз үшін неліктен өте маңызды екені туралы қарапайым шындықты біле алуыңызға көмектесу.

Бес тараудың әрқайсысы кішкене жұлдызшамен (*) белгіленген алға қойылатын мақсаттардың тізімінен басталады. Бұл мақсаттар арқылы, сіз сол тарауда не туралы үйренетініңізді біле аласыз. Әр бөлімнің соңында бірнеше сұрақтар, ал әр тараудың соңында қысқаша тест сұрақтары беріледі. Егерде сіз әр бөлімді мұқият оқитын болсаңыз, сонынан берілетін сұрақтарға еш қиындықсыз, әрі дұрыс жауап бере аласыз.

Берілген сұрақтардың әр тобының соңында, жауаптарыңыздың дұрыс-бұрыстығын тексере алуыңыз үшін дұрыс жауаптар жазылған беттің нөмірі берілген. Дұрыс жауаптар көрсетілген беттің ең төменгі жағында орналасқан. Өз жауаптарыңызбен мұқият салыстырып, қандай да бір қателіктер болса түзетіңіз. Сабақты әрі қарай жалғастырмас бұрын сұрақтардың жауаптарын жақсылап түсініп алыңыз.

Тараулардың соңында «Киелі кітапты қолданайық» деп аталатын бөлім бар. Ол бөлім арқылы, сіз сабақта өткен әңгімелерді Киелі кітаптан таба аласыз. Егер мүмкіншілігіңіз болса, әңгімелерді тікелей Киелі кітаптан оқуға тырысыңыз. Себебі біз, бұл курста үйретілетін нәрселердің бәрі де Киелі кітапқа сай екендігіне сіздің сенімді болғаныңызды қалаймыз.

Кітаптың соңында қорытындылау тесті берілген. Бірақ оны бастамас бұрын, әр тараудың соңындағы қысқаша тест сұрақтарын бір қайталап шығыңыз. Тестке жауап беріп болғаннан кейін, оны осы кітапты берген адамға, не болмаса кітаптың артында көрсетілген мекен-жайға жібере аласыз.

Сонымен қатар, сіз оқу немесе үйрену үшін басқа да кітаптарға тапсырыс бере аласыз.

Лайым Құдай сізге Иса Мәсіх жайында көбірек білуге көмектесіп, осы сабақтарды оқуға арнаған уақытыңызға ақ батасын берсін.



1-тарау

Исаның туылуы

Осы әлемде көп адамдар құрметке ие. Ондай адамдардың бірі, мысалға, бізді өзінің әдемі суреттерімен тамсандыратын суретші, не болмаса, бізге көп нәрсені үйретіп, шабыт берген мұғалім, не болмаса командасы воллейболдан, баскетболдан, бокстан немесе футболдан әрдайым жеңіске жетіп жүрген спортшы болуы да мүмкін. Сондай-ақ, сізге қиын кезде көмектескен досыңыз немесе көршіңіз де болуы мүмкін.

Алайда, бәрінен де ең үлкен құрметке лайықты бір Тұлға бар. Сізге ол Тұлғаны білу өте қажет, себебі мәңгілікті қай жерде өткізетініңіз сол Тұлғаны білуіңізбен тікелей байланыста тұр. Ол айтып отырған Тұлғамыз – Иса Мәсіх. Қолыңыздағы кітап, Иса Мәсіхті жақыннан танып, Оны неліктен құрметтеуіміз керек екенін түсіндіреді. Осы, бірінші тараудың соңында сіз төмендегілерді түсіндіріп бере алатын боласыз:

- * Исаның ата-анасы кім болғанын;
- * «Құтқарушы» деген сөздің не мағына беретінін;
- * Құтқарушының неліктен бір мезетте Құдай әрі адам болуы керек болғанын; сондай-ақ
- * «Иса бізді күнәдан Құтқарушы» деген не мағына беретінін.

Осыдан екі мың жыл бұрын, Құдай Исраил жеріндегі Яхудилік Мәриям есімді қызға Жәбрейіл періштені жіберді. Жәбірейіл періште Мәриямға келіп, ол пәк қыз болса да жақында ана болатынын жеткізді. Ал нәрестенің әкесі Құдайдың Өзі болмақ. Нәресте ұл бала болып,

Құдайдың Ұлы деп аталатын болады. Мәриям нәрестені Иса деп атауы керек болды.

1. Құдай _____ есімді қызға періштесін жіберді.
2. Періште Мәриямға жақынарада нәрестеге _____ болатынын жеткізді.
3. Мәриямға, нәрестенің әкесі _____ болатыны айтылды.
4. Мәриям нәрестені _____ деп атауы керек болды.

(Жауаптарыңызды 6 беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз)

Мәриям Жүсіп есімді жігітке аттастырылып қойылған еді, бірақ әлі де пәк қыз болатын. Көп ұзамай, Жүсіп Мәриямның жүкті екенінен хабардар болды. Сондай-ақ, Жүсіп өзінің нәрестенің әкесі емес екенін де білетін. Ол, Мәриям басқа біреумен жақындасқан деп ойлағандықтан, келісімдерінен бас тартпақ болды. Алайда, Құдай оған да Өз хабаршысын жіберді.

Періште Жүсіпке түсінде аян беріп, Мәриямның Құдай Тағаланың Киелі Рухынан жүкті болғанын айтты. Нәрестенің әкесі шынымен де

Құдайдың Өзі болды! Періште Жүсіпке, сонымен қатар, Мәриямға үйленіп, Исаға өгей әке болуды тапсырды.

5. Мәриямға аттастырылып қойылған _____ де періште келді.
6. Періште Жүсіпке нәрестенің әкесі ешқандай адам емес, қайта _____ екенін айтты.
7. Періште Жүсіпке, Мәриямға үйленіп, Исаға _____ болу тапсырылды.


(Жауаптарыңызды 8 беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз)

Нәрестенің дүниеге келетін мерзімі жақындағанда, Жүсіп пен Мәриям Бетлехем қаласына жолға шықты. Олар қалаға келгенде, тұрақтайтын бос бөлме табылмады. Ақырында, Жүсіп түнеп шығу үшін бір жылы мал қораны тапты. Сол мал қорада Мәриям босанып, ұл туды. Содан ол нәрестеге Иса деп ат қойды.

Дәл сол түні, бір топ періште сол өңірдегі бақташыларға мал қорада ерекше нәрестенің

?

5 беттегі сұрақтардың жауабы: 1. Мәриям; 2. ана; 3. Құдай; 4. Иса.



Мәриям сәби Исаны құндақтап, ақырға жатқызды.

туылғанын жеткізді. Періштелер нәрестенің Құдай уәде еткен Құтқарушы екендігін де айтты. Ол бүкіл әлемді барлық күнәларынан құтқармақ.

Күнә – Құдайға бағынбаушылықты білдіреді. Біз жасаған күнәларымыздың кесірінен, бостандығымыздан айырылатын рухани түрмеге түсеміз. Күнә бізді Құдайдан алшақтатып, шайтанның қол астында ұстап тұратын үлкен қабырға тұрғызады. «Құтқарушы» деген сөз біреуді үлкен қайіп-қатерден азат етуші дегенді білдіреді.

Осыдан көп жыл бұрын, сол түні туылған нәресте біздің Құтқарушымыз, Иса болатын. Ол Құдай мен адам арасындағы қабырғаны бұзу арқылы бізді құтқаруға келді. Малшылар періштелер айтқан хабардың шынайылығын тексеру үшін жолға шықты. Олар, періштелердің айтқанындай-ақ ақырда жатқан сәби Исаны мал қораның ішінен тапты.

Біраздан кейін шығыстағы алыс елден жұлдыз



6 беттегі сұрақтардың жауабы: 5. Жүсіпке; 6. Құдай;
7. өгей әке.

санаушы ғұламалар келді. Себебі олар аспаннан жаңа бір жұлдызды байқаған болатын. Содан олар Киелі жазбадан бұл жұлдыз Яһудилердің жаңа Патшасы туылғанының белгісі екенін білді. Сөйтіп, олар Бетлехемнен Исаны тапқанда, Оған әкелген сый-тартуларын ұсынды. Исаның Құдай екенін білгендіктен, ғұламалар сондай-ақ Оған ізет білдірді.

8. Періштенің айтқанындай, Мәриям ұл бала босанып, Оған _____ деген ат қойды.
9. Періштелер бақташыларға бұл нәрестенің Құдай уәде еткен _____ екенін айтты.
10. «Құтқарушы» – біреуді үлкен қауіп-қатерден _____ .
11. Бұл Құтқарушы, яғни Иса, _____ мен _____ арасындағы күнәнің қабырғасын бұзатын болады.

(Жауаптарыңызды 10 беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз)

Киелі кітап, Исаның әкесі Құдай болғанына, ал анасы Мәриям есімді пәк қыз болғанына ерекше көңіл бөледі. Демек Иса бір мезетте Құдай әрі адам болды. Дұрысын айтсақ, Киелі кітап бойынша, Иса біздің Құтқарушымыз болуы үшін бір мезетте Құдай әрі адам болуы керек болды.

Иса не үшін адам болуы керек болды? Киелі кітап бойынша, Иса бізді күнәларымыздан азат ету үшін келді. Ол жерде, сондай-ақ біз күнәларымыздан, біреу олар үшін құрбан болып құнын төлесе ғана арыла алатынымыз жөнінде айтылған. Сондықтан да, Құтқарушы құрбан болып бізді күнәларымыздан азат ету үшін адам болуы керек болды.

12. Иса бір мезетте _____ және _____ Ұлы болды.

13. Құдай өле алмайтындықтан, Құтқарушы біздің күнәларымыз үшін құрбан бола алуы үшін _____ болуы керек болды.

(Жауаптарыңызды 12 беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз)

Иса неліктен, сондай-ақ Құдай болуы керек болды? Киелі кітап бізге, бүкіл адамзаттың өте қатерлі дертпен, яғни күнәнің дертімен туылатынын айтады. Егер Иса жай ғана адам болса, Ол да, барлық адамдар іспетті осы дертпен туылар еді. Бұлай болған жағдайда, Ол бізді осы дерттен құтқара алмас еді.

?

9 беттегі сұрақтардың жауабы: 8. Иса; 9. Құтқарушы; 10. Азат етуші; 11. Құдай, адам.

Бірақ Иса, сондай-ақ Құдай болды. Сондықтан, Ол ешбір күнә жасамай, мінсіз өмір сүре алды. Ал, айқыш ағашта өлген кезінде, ешбір күнә жасамағандықтан Өзінің күнәлары үшін емес, қайта біздің күнәларымыз үшін жанын қиды. Иә, Бетлехемде туылған нәресте адам баласы болды, бірақ Ол, сондай-ақ Құдай болды. Тек, Құдай әрі адам болған Иса ғана бізді күнәмыздан азат ететін, бізге керекті Құтқарушы бола алды.

14. Бүкіл адамзат өте қатерлі _____ дертімен туылады.
15. Иса күнә жасамай, мінсіз өмір сүру үшін _____ болуы керек болды.
16. Иса ешбір күнә жасамағандықтан, бізді құтқару үшін _____ өмір сүре алды.

(Жауаптарыңызды 12 беттің төменгі жағындағы дұрыс жауаптармен тексеріңіз)

Бірінші тарауды қайталау

Құдай Мәриям есімді пәк қызға періштесін жіберіп, ол жақын арада Құтқарушыға ана болатынын айтты. Нәрестенің әкесі Құдайдың Өзі болмақ. Құдай періштесін, Мәриямға аттастырылып қойылған Жүсіп есімді жігітке де жіберді. Періште Жүсіпке Мәриямның құрсағындағы бала басқа бір адамның емес, Құдайдың баласы екенін түсіндірді.

Исаның анасы кәдімгі адам баласы, яғни пәк қыз болды. Ал әкесі Құдайдың Өзі болды.

Сондықтан Иса Құдай әрі адам бола алды. Киелі кітап Оны Құдайдың Ұлы және Адам Ұлы деп атайды. Ол өле алуы үшін адам болуы керек болды. Ал ешбір күнә жасамай, мінсіз өмір сүре алуы үшін Құдай болуы керек болды. Иса өлген кезде, біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін өлді, себебі Өзі ешбір күнә жасаған жоқ. Тек осындай Құдай әрі адам ғана Құтқарушы бола алушы еді.



10 беттегі сұрақтардың жауабы: 12. Құдай, адам; 13. адам.
11 беттегі сұрақтардың жауабы: 14. күнәнің; 15. Құдай;
16. мінсіз.

Бірінші тарауға арналған тест

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Исаның анасы _____ болды.
2. Исаның әкесі _____ болды.
3. Жүсіп Исаның _____ болды.
4. Иса _____ әрі _____ болды.
5. Періштелер сәби Исаның _____ болатынын айтты.
6. «Құтқарушы» – біреуді үлкен қауіп-қатерден _____ дегенді білдіреді.
7. Бұл нәресте бізді _____ құлдығынан азат ететін болады.
8. Құтқарушы, біздің күнәларымыздың құнын төлеп, _____ үшін адам болуы керек болды.
9. Құтқарушы _____ туылу үшін Құдай болуы керек болды.
10. Ол, сондай-ақ мінсіз _____ үшін Құдай болуы керек болды.
11. Иса өлген кезде, Өзінің емес, _____ күнәларымыздың құнын өтеу үшін өлді.
12. _____ әрі _____ болған тұлға ғана Құтқарушы бола алады.

(Жауаптарыңызды 62 беттегі дұрыс жауаптармен тексеріңіз)



Киелі кітапты қолданайық

Осы тарауда айтылған әңгімелерді Киелі кітаптың төменде көрсетілген кітаптарынан таба аласыз:

Киелі кітапты қолданайық

1. Періштенің Мәриямға келуі: *Лұқа 1:26-38*
2. Періштенің Жүсіпке келуі: *Матай 1:18-25*
3. Исаның туылуы: *Лұқа 2:1-7*
4. Бақташылар: *Лұқа 2:8-20*
5. Шетелдік ғұламалар: *Матай 2:1-12*